

**Алға ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 67 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24212 болып тіркелген) бұйрығына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Алға ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Алға ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алға аудандық  
мәслихатының төрағасы

М. Тулеуов

Алға аудандық мәслихатының 2023  
жылғы 27 қыркүйектегі  
№ 67 шешіміне 1 қосымша

**Алға ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық норма, м3
1	2	3	4
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,8
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,24

2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,73
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,8
4	Балабақшалар, бөбекжайлар және өзге де мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,62
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,11
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,0058
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,15
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,23
9	Мейрамханалар, дәмханалар, өзге де ойын-сауық орындары және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,17
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, казино, ойын автоматтарының залдары, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,37
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,041
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,045
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,058
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер, аралас дүкендер	Сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,85
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1м <sup>2</sup>	0,32
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,32
17	Көтерме базалар, өнеркәсіптік, азық-түлік	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	

	тауарларының қоймалары		0,38 0,45
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі, халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,82
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,36
20	Дәріханалар	Сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,41
21	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	0,5
22	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,25
23	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,47
24	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,34
25	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,15
26	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,47
27	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,65
28	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар, саябақ қалдықтары	1 000 қатысушы	0,0037
29	Жағажайлар, жолдардың көше сметалары	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	-
30	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гараж	0,25
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	2,25

Алға аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 67 шешіміне 2 қосымша

### **Алға ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері**

р/с №	Атауы	Есептік бірлік	Қызмет құны, теңге
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	209

2	Жабдықталмаған үйлер	1 тұрғын	261
3	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көму тарифі	1 текше метр (ҚҚС қоспағанда)	1 295
4	Тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптауға арналған тарифі	1 текше метр (ҚҚС қоспағанда)	259,06

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК